

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
К 20

Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кадрлар даярлаудың барлық бағыттарының магистрантура білім алушыларына оқулық ретінде ұсынылады («Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ жанындағы Оқу-әдістемелік бірлестік мәжілісінің № 25-15-25 хаттамасы, 5 наурыз 2025 жсыл)

Пікір жазғандар:

педагогика ғылымдарының докторы, профессор *Ш.Т. Тұрбаева*
педагогика ғылымдарының докторы, профессор *С.М. Кеңесбаев*
педагогика ғылымдарының докторы, профессор *А.Е. Жұмабаева*

Қазмағамбетов А.Ғ.

К 20 Жоғары мектеп педагогикасы: оқулық / А.Ғ. Қазмағамбетов, Н.С. Әлкожаева, А.Қ. Дүйсенбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 288 бет.

ISBN 978-601-04-7165-8

Оқулық мазмұнында жоғары мектеп педагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздері, пәнаралық бағыттағы педагогикалық үдерістің ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар семинар сабақтардың жоспары, өзіндік жұмыс тапсырмалары, емтихан сұрақтары, тест тапсырмалары, глоссарий, әдебиеттер тізімі берілген.

Аталған оқулық барлық білім беру бағдарламаларының магистранттарына арналады.

Автордың редакциялыымен шығарылды

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-04-7165-8

© Қазмағамбетов А.Ғ., Әлкожаева Н.С.,
Дүйсенбаев А.Қ., 2025
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде көптеген іргелі реформалар жүргізілуде. Олардың мақсаты – жоғары білім беру жүйесін өркениетті елдердің білім беру жүйесі мен әлемдік стандартқа сай негіздей отырып сабақтастыру.

Қазіргі кезеңде қоғам, адам туралы ғылымдардың жетістіктері мен оның даму заңдылықтарын, жаңа педагогикалық технология мен қарым-қатынас мәдениетін терең ментерген, жан-жақты шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтар қажет етеді. Аталған мәселенің өзектілігі қазіргі жоғары мектептегі оқу үдерісінің сын тұрғысынан оқытуға көшуімен, білім беру мекемелерінің жаңа түрлерінің пайда болуымен, оқытушылар қолданатын жаңа білім технологияларының жетілдірумен, жоғары оқу орындарында эксперименттік жұмыстардың кенінен қолдануымен байланысты. Жоғары оқу орындарындағы цифрлық үдерістер бүгінде ауқымды сипат алуда, сондықтан да онда жұмыс жасайтын жоғары білікті, шығармашылық, ғылыми-педагогикалық ойлауы жоғары дамыған жаңашыл профессор-оқытушыларға деген қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар «Жоғары мектеп педагогикасы» пәнін оқыту болашақ маманға жүйелі білім мен дағды іс-әрекеттерін ментеруге бағытталған зерттеу жұмысы мен тәжірибелік міндеттерді жауапкершілікпен шеше білетін, ғылым мен техниканың, мәдениеттің жетістіктерін дамыта отырып, шығармашылықпен пайдалануға мүмкіндіктер жасайтын ерекше мазмұнға ие болады.

Жоғары мектеп педагогикасы пәнін оқытудың мақсаты: тұтас педагогикалық үдеріс жатдайында болашақ мамандардың практикалық іс-әрекетке көшуіндері теориялық білімдері мен практикалық іскерліктерінің жүйесін қалыптастыру.

Жоғары мектеп педагогикасы пәнін оқытудың міндеті:

- болашақ мамандардың өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын қалыптастыру;